

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ
ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ**

**«ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ»**

**Қазақстан Республикасы Президентінің
Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыруға
арналған дөңгелек үстел материалдар жинағы**

**«РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ КАЗАХСКОЙ
ФИЛОСОФИИ В ДУХОВНОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ
СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА»**

**Сборник материалов
круглого стола, посвященный реализации Послания
Президента Республики Казахстан народу Казахстана**

**Алматы
2018**

ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану
институтының ғылыми кеңесі ұсынған

Редакция алқасы:

А.Қ. Бижанов, саяси ғылымдарының докторы, профессор
(жауапты редактор)

С.Е. Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор

Ә.Н. Нысанбаев, ҚР ҰҒА академигі,

философия ғылымдарының докторы, профессор

А. Сағиқызы, философия ғылымдарының докторы, профессор

Ж.Б. Ошақбаева, философия ғылымдарының кандидаты

С.Е. Бейсбаев, бөлім меңгерушісі

«Қазіргі Қазақстанның рухани жаңғыруындағы қазақ философиясының ролі мен маңызы» атты Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыруға арналған дөңгелек үстел материалдар жинағы. – Сборник материалов круглого стола на тему: «Роль и значение казахской философии в духовной модернизации современного Казахстана», посвященный реализации Послания Президента Республики Казахстан народу Казахстана. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 304 б.

ISBN –

Жинаққа қазақ философиясының тарихи маңызы мен рухани жаңғыру үдерістеріне тигізетін әсері туралы пайымдалған мақалалар топтамасы енгізілген. Қоғамдық сананың жаңғыру процесі дүниетанымдық деңгейде жүзеге асқанда ғана оның тиімділігі артатындығы дөңгелек үстел материалдарында жан-жақты тұжырымдалған.

Жинақ ғылыми-зерттеу институттары мамандары мен жоғары оқу орындары оқытушыларына, еліміздің студент қауымына, магистранттар мен докторанттарға арналған.

Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е.

Қазақ философиясы – рухани жаңғырудың дүниетанымдық және әдіснамалық негізі..... 6

Қасабек А.Қ. Аликенова К.Н.

Ұлттық трансформация және рухани жаңғыру..... 17

Сағиқызы А., Молдағалиева А.Е.

Қазақ философиясының гуманистік сипаты..... 25

Соловьева Г.Г.

Творчество Абая в экзистенциальном контексте мировой философии..... 34

Ғабитов Т.Х.

Қазақ философиясының ерекшеліктері..... 42

Сейтахметова Н.Л.

Национальный способ философствования как маркер идентичности: философские парадигмы в трудах профессора С.Е. Нурмуратова..... 52

Байтенова Н.Ж., Туғанбаев Қ.

Ежелгі түркілердің тіршілік ету салт-дәстүрлерінің діни сенімдерімен байланыстылығы..... 56

Бүлекбаев С.Б.

О философии тюрок..... 67

Елікбаев Н.

Жаңғырған жоғары рух ел бірлігінің басты өзегі..... 80

Раев Д.С.

Қазақ шешендік сөз өнерінің ұлттық философиядағы орны..... 87

Қурманғалиева Г.К.

К вопросу об изучении тюркских корней национальной философии..... 99

Барлыбаева Г.Г. Этичность и эстетичность казахской философии.....	108	Мямешева Г.Х. Национальная философия в контексте мировой культуры.....	197
Бегалинова К.К., Бегалинов А.С. Культура казахского народа как мировоззренческий и методологический источник модернизации казахстанского общества.....	113	Омарова Г. Этические воззрения – Абая и Акыта Улимжиулы.....	207
Нурышева Г.Ж. Қазақ философиясының дамуына С.Е. Нұрмұратовтың қосқан үлесі.....	120	Амиркулова Ж.А. Проблема счастья в философии аль-Фараби.....	221
Сатершинов Б.М., Тоқтарбекова Л.Н. Қазақстандағы тарихи сана мен дәстүр және жаңару үдерістерінің оған әсері.....	125	Таирова Б.Л., Рахимова Г.Д. Шоқан дүниетанымындағы этномәдени және діни құндылықтар.....	228
Кокумбаева Б.Ж., Бегалинова К.К., Тенгрианство как духовно-культурный фактор модернизации казахстанского общества.....	134	Жаңабаева Д.М. Қазақ рухани мәдениетінің түркілік тамырлары.....	239
Асқар Л.Ә., Аташ Б.М. Рухани құндылықтардың заманауи жаршысы.....	143	Нүсіпова Г.И. Ұлттық бірегейліктің құндылықтық негіздері.....	243
Қоңырбаева К.М. Рухани жаңғыру аясындағы қазақ этикасының мәселелері.....	149	Бижанова М.А. Қазақ халқының рухани мұрасы: философиялық талдау.....	250
Едильбаева С.Ж. Философия образования как новый раздел казахстанской философии.....	154	Мейрманов А.Д. Рухани жаңғыру үдерісі және ұлттың этикалық ұстанымдары.....	259
Уәли Е.З., Бектенова М.К. Ұлттық дүниетанымдағы кеңістік пен уақыт ұғымдарының орны туралы.....	164	Молдағалиев Б.Е., Рахметова Ж.Ә. Қазақ философиялық дүниетанымының тарихи-мәдени бастаулары.....	268
Рамазанова А.Х. Онтологические особенности мифосознания.....	173	Қасабекова Е.Қ. Қазақ халқы діни дәстүрлерінің философиясы.....	278
Ошақбаева Ж.Б. Қазақ мифологиясының дүниетанымдық мәні.....	180	Иманбаева Ж. Краткий очерк по онтологическому учению Аль-Фараби.....	285
Аташ Б.М., Асқар Л.Ә. Халқымыздағы «Ұлы Дала философиясы» және оның қазіргі отансүйгіштікпен сабақтасуы	187	Игисенова А. Түркі дүниетанымының тектік негіздері.....	289
		Балабекұлы Д. Әлеуметтік философиядағы – ақпараттық кеңістік түсінігі.....	297

де. «Так же, как в первую очередь должно существовать сердце, которое только потом уже служит причиной существования всех других органов тела, равно как и возникновения в них способностей и расположения их в известном порядке, так что если придет в расстройство какой-нибудь из органов, то именно сердце обеспечивает устранение этого расстройства, – точно так же и глава данного города должен существовать в первую очередь, чтобы служить затем причиной существования городского объединения и его членов...»[3]. Очень важно отметить, что аль-Фараби не ограничивался лишь природными способностями от рождения для занимаемой позиции в социальной иерархии но также указывал на необходимость прилагать усилия для достижения своего положения, что говорит в пользу светских, просветительских мотивов в его творчестве. «Но они являются членами городского объединения не только благодаря имеющейся у них природе, но и благодаря тем возникающим в них свойствам, которые имеют своим источником волю – таким как искусства и тому подобное» [3].

Здесь напрашивается параллель во взглядах с великим Абаем, который считал сердце – царем жизни. В слове семнадцатом Сила, Разум и Сердце обращаются к Науке чтобы та решила что нужнее человеку. Так говорит о себе Сердце: «Я – царь жизни! – воскликнуло оно. – Я гоню кровь по жилам, во мне обитает душа, потому и нет без меня жизни! Я отравляю сон сытых, нежащихся в мягкой постели в теплом доме, заставляя их страдать за убогих, голодных и бездомных. Мной держится почтение к старшим и снисхождение к младшим. Я справедливость, удовлетворение, совесть, благодарность и милосердие. Что без меня Сила и Разум?» [4]. Там же Абай в поэтической форме выводит образ добродетельного человека который соответствует главе города у аль-Фараби. Так решила спор Наука: «Соединитесь же вместе, и, как я уже говорила, пусть вами руководит Сердце! Если это произойдет, и вы сойдетесь в одном человеке, то он станет праведником. Пыль с подошв его ног будет исцелять слепых. В этом – в гармонии и чистоте человеческой жизни – и заключается смысл существования великого мира» [4]. Подобное сходство во взглядах аль-Фараби и Абая говорит о преемственности тюркского наследия в казахской философии.

Несмотря на глубокие связи с греческой философией метафизическое учение аль-Фараби уникально, в первую очередь потому, что его философия является религиозной, но при этом не превратившись в теософию, осталась в рамках философии как умозрительной науки; во-вторых она вобрала и творчески переработала идеи разнообразных философских систем; в третьих несет на себе печать мировоззренческой парадигмы тюркского мира с его стремлением к универсальности, всеобщности, гармоничности.

Литература

1. Что должно предшествовать изучению философии. Аль-Фараби
2. Античная философия. Асмус В.Ф.
3. Трактат о взглядах жителей добродетельного города. Аль-Фараби
4. Слова назидания. Абай.

Игисенова А.

АТУ аға оқытушы, философия магистрі

ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМЫНЫҢ ТЕКТІК НЕГІЗДЕРІ

Тәуелсіздік тарихымыздың барысында, рухани қайта жаңғыру уақытында ұлттық дүниетанымымыз бен философиямыздың тарихын зерттеу, оның әрбір кезеңі мен дүниетаныдық сұрақтарын жан-жақты талдау жасау ел тарихы мен мәдени дамуын, дүниетанымдық ойы туралы білімді, танымды артыратындығы сөзсіз. Осы бағытта жасалыған жұмыстарды талдау мен жүйелеу де қазақ философиясының тарихын зерделеуде маңызды. Осы тұрғыдан талданылытын қазақ философиясының ерте кезеңіне тән көне түркілер – әлемдік тарих пен мәдениетті жасауда айрықша кезең және өркениет дамуын көрсететін тарихи шындық болып табылады. Көне түркілер түркі халықтарының жүйелі қоғамдық құрылымымен, соғыс өнерімен, жазба мәдени дәстүрімен, тілімен ерекшеленіп, кейінгі түркі тілдес халықтарға ортақ мол руани мұраны қалдырды.

Ұлттық философиялық ойлау мәдениетіміздің қайнар бұлағы болып табылатын түркі жазба-ескерткіштері Орхон жазбалары (ҮІІ-ҮІІІ ғғ.). «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырлары ежелгі түркі халқының дәстүрі мен қоғамдық саяси өмірі, әскери өнері туралы деректер береді. «Күлтегін» жыры 428 өлең жолынан тұрады. Иоллыг тегін «Күлтегін» жырының авторы болып табылады. «Күлтегін» жыры түркі тайпаларының өмір сүру және дүниетанымдық ұстанымдары туралы баяндалып, түркі халқының шежіресі, өткен өмірін, көршілес елдермен қарым-қатынасын сипаттайды. Күлтегін батырдың қаһармандық ерліктер де баяндалады.

*Түркі халқы үшін
Түн ұйықтамадым,
Күндіз отырмадым.*

Орхон ескерткіштері Күлтегінге, Білге қағанға, Тоныкөкке арналған жазба ескерткіштер тарихи-философиялық жырлар болап табылады. «Тоныкөк» жыры 313 өлең жолынан тұрады. Бұл жырда түркі ұлыстарының түрлі ру-тайпалармен жүргізген соғыстары барысында жеткен жеңістері шеберлікпен суреттеледі. Тоныкөк жырында түркілердің ұлтжандылығы, жігерлі намысы кейінгі ұрпаққа өсиет ретінде айтылады.

*Күндіз отырмадым.
Қызыл қанымды төктім,
Қара терімді ағыздым.
Күш қуатымды бердім.
Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым.*

1893 ж. 25 қарашада Копенгаген университетінің профессоры, лингвист ғалым Вильгельм Томсен түркінің руникалық жазуын алғаш рет оқыды. Орхон ескерткіштері бүкіл түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы. Әсіресе, бұл қазақ халқының мәдениеті мен философиялық мұрасының қайнар бастауы болып табылады.

Көне түріктердің дүние көзқарастарын алғашқы діни сенімдер мен табиғатқа деген сүйіспеншіліктерінен байқай аламыз. Қазақ

жерін мекендеген ежелгі тайпалардың бірнеше наным сенімдері (шаманизм, тотемизм, Тәңіршілдік, анимизм, фетишизм) болған. Соның ішінде ежелгі түркілердің дүниетанымын толықтай ашатын Тәңіршілдік діні еді. Томсен ең алғаш рет «Түрк» және «Теңрі» сөздерінен бастап оқыған екен.

Көне түркілердің жазба ескерткішінің көлемі жағынан кең, тарихи, мәдени, географиялық, саяси деректерді қамтиды. Сол уақыт пен кеңістіктегі халықтың тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымы мен танымдық түсінік-пайымынан, дәстүрінен мол мәліметтер алуға мүмкіндік тудыратын жазба ескерткіштер. Тарихи оқиғалар мен қоғамдық өмірдің көріністері Ұлы қағандардың жаугершілік жорықтары жыр үлгісінде бастан-аяғына дейін баяндалған. Сондықтан да зерттеушілер бұл жазбалардың бейнелі тілмен жазылғандығына қарап, көркем-тарихи шығармалар қатарына жатқызады. Жазбаларды Көне Түркілер дәуіріндегі болған оқиғалар бандалып, жер-су атаулар берілген, сондай-ақ, тайпалардың атаулары, аумақтық оналасунан да хабар берілген.

Рухани қайта жаңғыру және өткенімізді, ондағы рухани санамыз бен құндылықтарымыды саралауда Көне түркілерің жазба ескерткіштері баға жетпес құнды дүние болып табылады.

Тәңіршілдікте басты құдай – Тәңірі, ол аспан әлемнің жалпы сипатын беруші, жердегі өмір образын қадағалаушы. Тәңіршілдіктегі Құдай өзімен-өзі пайда болған немесе батыстық тілмен айтсақ, өзіне-өзі себеп абсолюттілік емес, ол табиғат құбылысы. Оның барлық әрекеті табиғаттың тылсым күштері арқылы адамға танылып отырады.

Көне Түркілердің нанымында ерекше орынға ие болған Ұмай ана – үйдің шаңырақтың, ошақтың қамқоршысы, балалардың сүйеушісі, өнердің қолдаушысы. (Тувадағы Ұйық өзенінің бойынан табылған түркі ескерткішінде Ұмай анаға арналған қоштасу сөздері жазылған). Қазақтардың дүниетанымындағы екі құдай да табиғаттың бір бөлшегі ретінде болса, өзі сол табиғат бөлшегіне тәуелді жан ретінде айқындалған.

Түркілер ертедегі ата-бабалардың тотемі ретінді қасқырды есептеген. Түрік қағандарының патшалық рәміздерінде қасқыр бейнесі болған.

Көне түркілер үшін қайырымды рухтар – ата-баба рухтары болған. Оларға арнап құрбандық шалынған. Бұл жөнінде батырлар жырларда сәбиге зар болғандар жөнінде: «Әулие қоймай қыдырып, етегін шеңгел сыдырып» деп, олардың тілеуін де сол әулиелер қабыл еткендігі, дүниеге ер жүрек, елі мен жерін жаулардан қорғайтын, елдің арқа сүйер батырының дүниеге кегендігі жырланады.

Көне түркі руникалық жазбаларының пайда болған уақытына қатысты пікірлер түрліше, тіпті бұл мәселе төңірегінде пікірқайшылықтар туындаған. Көне түркілердің неғұрлым ерте кезеңге тән жазба ескерткіш ретінде Бұғыты жазбасы (Бугутская надпись) есептеледі. Оның жазылу уақыты YI ғасырдың соңғы ширегіне жатқызылады.

Жалпы көне түркі жазбаларының алғаш ашылуы ХУІІІ ғасырдың 20-шы жылдарына дәл келеді. Тасқа қашалған мұралардың тұңғыш үлгілері Ф.И. Страленбергтің «Северная и Восточная части Европы и Азии» атты еңбегінде жарыққа шықты. Ал 1721 жылы зерттеуші ғалым Д.Г. Мессершмидт Енисей өзенінің жағалауынан тасқа ойылып жазылған ескерткіш тапты. Біршама уақыттан кейін, нақтырақ айтсақ ХУІІІ ғасырдың аяқ шенінде ғалым Р.Паллас Енисей руна жазбаларының бесеуін жария етті. 1889 жылы Көкшін-Орхон өзенінің жағасындағы Коше-Цайдам аңғарынан қытай әліпбиімен және руна жазуымен жазылған екі үлкен тас ескерткіш табылды.

Қазақ халқының философиясы көне түркі дәуірінен басталып, бүгінгі күнге дейінгі кезеңді қамтиды. Қазақ философиясының тарихын кешенді зерттеу түбі бір түркі халықтарының тарихын, мәдениетін, ауыз әдебиетін, діні мен ділін, тілін зерттеуді талап етеді. Көне түріктер Тәңірге жауларымен шайқаста жеңіс және дүниелік істерінде табыс сыйлаушы құдіретті күш ретінде табынған. Ежелгі моңғолдар қауымында жоғарғы Тәңір Хан Монхе Тәңірі (мәңгі көк аспан), Эрхету-Тенгри (құдіретті аспан), Деге-Ре-Тенгри (Жоғарғы аспан) атаулары бар. Багатур-Тенгри – батырлық пен адамдардың қорғаушысы. Хисага-Тенгри – адамдардың жаны мен мал мүліктің қорғаушысы және т.б. түрлі Тәңір ұғымдары бар. Көне түріктер өздерін Көк Аспанның

перзенттері ретінде қарады. Көне түріктер құлышылығын Көк Аспанға қарай қолын созып және жерге бас ұрып жасайтын болған. Тәңірлік космологиясында адамдар мен рухтардың бүкіл ғаламның иесі әділетті де, қайырымды Тәңір ғаламды үшке бөлген, Аспан әлемі – Тәңірдің мекені, ортаңғы әлем – табиғат заттары және рухтардың, пенделердің әлемі, төменгі жер асты әлемі – зұлым күштер мен өлі жандардың мекені. Жер асты әлемінің рухы бұл – ажал падишасы Ерлік болып табылады. Көк түріктер үшін бөрі тотемдік белгіге айналды. Бөрі түріктердің жебеушісі ретінде қастерленді. Ұлы даланы мекендеген көшпелілер үшін Тәңір сенімі түрік тайпаларын біріктіруші рәміз, ал Тәңірлік діннің құлшылық тілі түрік тілі болды. Тәңірлік ұғымы көне түріктердің ұлттық санасы мен діни дүниетанымында қасиетті жебеуші, құдіретті күш ретінде саналды. Тәңірлік сенім туралы дінтану ғылымында түрлі көзқарастар бар. Кейбір зерттеушілер Тәңірлік сенімнің киелі кітабы, пайғамбары, жүйелі ғибадаты мен діни мейрамдары жоқ деп қарастырады.

Тәңірлік сенімі көне түріктердің дүниетанымы мен діни санасының ортақ негізі мен киелі ұстанымдарының түбі бір екендігін айқындайды. «Көк түріктер өзінде заманының өзінде бірнеше ғасырлардан бері келе жатқан, қалыптасқан діни салдәстүр, діни дүниетаным бар болғандығын айта аламыз» [1, 5 б.]. Қазіргі кезде ислам дінінің ұстанатын түрік халықтарында Тәңір ұғымы Аллаһтың көркем есімдерінің бірі. Түрік тілдес халықтар жаратушы есімдерінде Тәңір, Құдай, Алла ұғымдарын қатар қолданады.

Ертеде түрік халықтарының аңыз-әпсаналарында түрік жұртының тектік сабақтастығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші, түрік қауымын сақтаушы аналық рухани бастау күш рәмізі. Ұмай ана өнер мен қолөнердің қамқоршысы. Көне түркілерде әйел босанғанда Ұмай ана көмек сұраған. Қыз ұзату және неке қию салтында Ұмай ана отбасының бақыты және дәулетті болуын, адал неке мен жас жұбайлардың перзенттерінің көп болуын тілеген. М. Орынбеков: «Ұмай ошақтың және балалардың киелі иесімен қатар, сарбаздардың да қорушысы саналады» - деп ой түйеді [2, 9 б.]. Ұмай ана нәрестенің аман-есен, дені сау болып келуіне

себепші рухани тылсым күш ретінде сипатталады. Ұмай – ана есімі YII-YIII ғасырларда руникалық мәтіндерде таңбаланған. Ұмай ана көне түріктердің шаңырағын және ұрпағын зұлым күштерден қорғаушы күш иесі. Тоныкөк ескерткішінде: «Аспан, Ұмай, киелі Жер-Су бізге жеңіс әкелген осылар»- делінген. Бұл түрік наным-сенімдерінде Ұмай ана мәртебесінің биіктігін дәлелдейді. Күлтегін жазуында: «Бұл - Ұмай тәрізді менің анам, Катун (қуанышына) кіші інім Күлтегін ер атанды» Ұмай ана ежелгі түріктерде жас баланың тәй-тәй басып, тілі шыққанға дейін қамқоршысы. Ежелгі түріктерде аналар бесік жырында Ұмай ана есімін ардақтап қосқан. Түркілерде Ұмай ана балаларды көз тиюден, кесір-кесапаттан, ауру-сырқаудан сақтаушы және бала өмірінің арашасы ретінде суреттеледі. Ұмай –анаға некенің адалдығы мен жас жұбайлардың пәктігін, шаңырақтың шаттығын, балалардың бақыты мен болашақтың қамқоршысы. Ұлан-ғайыр далада қоныс тепкен көшпелі түріктер Ұмай анаға табынып, қастерлеген. Ұмай ананы қастерлеу түрік және моңғол тілдес халықтарға тән. Махмұт Қашқари пікірінше «Ұмай - бала жолдасы». Ұмай моңғол тілінде «жатыр» (әйел ағзасын) білдіреді. Ұмай отбасына ырыс, береке, бақыт сыйлаушы, бейнетқор әйел. Қырғыз халқында-Ұмай ене, өзбек халқында –Сары ене, шор және телеуттерде-Май-энэзи деп аталатын Ұмай әйел балалардың қамқоршысы ретінде қастерленді. Жаңа туылған нәрестелер мен бесік жасындағы балалардың қорғаушысы, бесік тербетуші, алты жасқа дейінгі балалардың жебеушісі және зұлым күштер мен рухтардан қорғаушы деп саналған. Тілеут халқында Май-ене қолына садақ ұстаған, күміс шашты көрікті мейірімді әйел ретінде бейнеленген. Алтайлық түріктерде Ұмай от культімен байланысты сипатталып, Ұмай судан қорқады түсінік болған. Түркі тілдес халықтардың аңыз-эпсаналарында нәрестенің кіндігін кесуші Ұмай ана бала таппаған әйелдерге жәрдем тілеген құт дарытушы, шаңырақ пен балалардың жебеушісі, молшылық пен құт-берекені, төрт түлікті көбейтуші рух иесі. Көне оғыздарда Ұмай-ана құрсағындағы нәрестенің қамқоршысы. Бесіктегі сәби жымыса Ұмаймен тілдесуде, ал сәби жыласа зұлым рухтар мазасын алуда деген түсінік түрік халықтарына ортақ.

Қазіргі түрік халықтарының Ұмай ана туралы түсінік-пайымдары көне түрік қағанаты дәуірінен бастау алатын түбі бір тарихи тамырын, этномәдени және этногенетикалық байланысын және рухани тектік болмысының бірегейлігін айқындайды. Аруақ – ұлттық діни сана мен қазақ дінтануының негізгі ұғымдарының бірі. Аруақ ұғымы қазақ халқының дәстүрлі жеті ата шежіресімен тығыз байланысты. Ата-баба рухы пендені желеп-жебеп жүреді, яғни фәни дүниеде адамды сәтсіздіктер мен кесірлерден сақтайды деген ұстаным - «Аруақ қолдасын», «аруақтарға тие берсін», «аруақ атқыр», «аруақ қонды», «аруақ ұстау» сынды түсініктерден көрінеді. Қайтқан пенденің нақты бір қасиеті болса онда ол о дүниеде ру-тайпаның жебеушісіне айналады. Мәңгілік дүниеге аттанған батырлар мен әділетті билер, ақын-жыраулар, емшілер – нақты бір аймақтың қамқоршысына айналып бұл дүниедегі туған-туыстары мен ұрпақтары үшін қамқоршы болады. Халық діни танымында, аруақтар ақ киімді немесе ақбоз атқа мінген қалыпта, кейде аса таяқ ұстаған ақсақал түрінде көрінеді. Ақылғой ақсақал және даңқты батыр, әділетті би сынды ата-баба рухына құрмет көрсету – «Өлі риза болмай тірі байымайды» ұстанымында айқындалған. Халық түсінігінде аруақ қонған пендеде мазасыздану, талу, еліру, елігу, дауыс шығару, өзімен-өзі күбірлеу және оңашалану сынды белгілер тән. Көне түркілік және қазақи тұрмыстық түсінікте аруақ қонған пенде емшілік және көріпкелдік қасиеттерге ие болады және аруақты ұстай білу-ата-баба рухын қастерлеуді көрсетеді. Аруақ таңдаулы пендеге қонады, аруақты көтере алмаған пенде психо-патологиялық ауруға ұшырайды деген түсінік қалыптасқан. Сонымен қатар, аруақ қонған адам діни парыздарды орындап, теріс әрекеттерден аулақ жүруі тиіс, аруақ қонған адам о дүниелік болған қасиетті адамдардың рухтарымен байланыс жасап, олардан кеңес сұрайды пайым Ш. Уәлиханов «аруақ-ата-баба рухы, басқа қиын-қыстау күн түскенде, жан қиналғанда Аруақ қолдай ғөр, қолтығымнан жебей ғөр деп айтады», -деп қасиетті ата-баба рухына құрмет көрсету-Ұлы Дала көшпелілері үшін киелі ұғым екендігін болжайды. Аруақ бейнесі көне түріктер дүниетанымында айқындалған Бақсы – қазақ және түрік халықтарында балгер, емші және жыр-

шы болып табылады. Қазақ мәдениетінде бақсы қобыз аспабымен адам бойындағы зұлым рухтар мен ауру-сырқауларды аластайды. Түркімен, өзбек, қарақалпақ халықтарында бахши – жыршылар мен әншілерді бейнелейтін ұғым. Аталмыш халықтарда бахши қос ішекті дутармен халық дастандарын жырлайды. Түрік халықтарында бақсылар кезбе тақуалар ретінде адамдарды емдеу барысында транс күйіне түсіп, рухтармен байланыс жасайды. Түрік және моңғол халықтарында бақсы ғалам сырларына үңіліп, рухани танымның биік шыңына жетіп, рухтар әлемі мен киелі жан иелерімен қатынасқа түседі. Осылайша ол қауымның мұқтажына сай білімі мен ритуалдық тәжірибесін қауым мен адамның психикалық саулығын сақтауға бағыттайды. Бақсы зұлым рухтармен күресіп, ауру адамның айығып кетуге деген сенімін оятады. Бақсы адамның санасы мен сана астарына психотерапиялық тұрғыдан әсер етеді. Сырқат адам бақсының емшілік қабілеті мен оның рухани тылсым күштермен байланысына сене отырып, ауруынан айығады. М.С. Орынбеков «Бақсы бойына ақын мен күйші, әрі емші қабілетін жинақтаған тұлға» деп көрсетеді [2, 79 б.]. Бақсылық дәстүрде негізгі құрал қобыз аспабы болып саналады. Кейде дабыл қолданылады, ал домбыра сирек қолданылады. Ш. Уәлиханов өз зерттеулерінде қазақ даласындағы Қойлыбай бақсының қобыз аспабымен жасаған ғұрыптық өнерін баяндайды. Қазақ қоғамында бақсылық медициналық және діни қызметтер атқарды. Бақсы дәстүрі мен емдік қызметі түркі халықтарының өмірінде терең рәміздік мәнге ие болды.

А. Диваев «бақсы» шағатай сөзі, шаман, болжаушы сиқыршы дегенді білдіреді. Бақсы деп рухтармен қатынастағы тіпті оларды өзіне бағындырған қырғыз емшілерін атайды. Оларды науқастың жанынан да, тойлардан да кездестіруге болады деп пайымдайды. Бақсы сырқат адамға үшкіру, аластау, зікір, тамыр басу салу әдістері арқылы әсер етеді. Л.Гумилев «табиғатты анимистік сеніммен қатты қастерлейтін түркіт халқына қарама-қарсы түркіттің бекзатбилері тотемдік дүние танымнан туған салт-қаһарман ата-бабалар аруағына табынатын болған деп ашықтан-ашық айта аламыз»-деп көрсетеді [3, 79 б.].

Түрік әлемі түркілердің сан ғасырлық тарихи жады мен рухани мұрасын айқындаушы ортақ ұғым. Түрік халықтарының төлтума дүниетаныдық мұрасы және ортақ рухани рәміздері күллі түрік дүниесінің – дүниетанымдық, руханияттық, діни, ділдік, тілдік кеңістігінің бірегейлігін айқындайды.

Әдебиеттер

1. Ибраев Ш. Түркі халықтарындағы ортақ ұстанымдар. – Ана тілі, 7 қараша 2013.
2. Орынбеков М.С. Қазақ сенімдерінің бастаулары. – А., 2000. – 103 б.
3. Гумилев Л. Көне түріктер. – А., 1994. – 375 б.

Балабекұлы Д.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
философия кафедрасының 2-курс PhD докторанты

ӘЛЕУМЕТТІК ФИЛОСОФИЯДАҒЫ – АҚПАРАТТЫҚ КЕҢІСТІК ТҮСІНІГІ

Ақпараттық дәуірдің тудырып отырған қауіпті қайшылықтары да бар. Солардың бірі – адам ақпараттық кеңістікті қалыптастырып, оның қалыпты тіршілігі мен дамуын қамтамасыз еткенімен, оның өзінің биологиялық өмірі қазіргі қоғамда маңызды роль атқаратын ақпараттық кеңістіктің даму деңгейі мен өзгеру жылдамдығына тәуелді болып отыр.

Ақпараттық кеңістік – көп деңгейлі құрылым. Ақпараттық кеңістік түсінігі екі терминді біріктіреді: «кеңістік» және «ақпарат». Кеңістікті құрылымдық, ұзақтық, материалдық жүйелердегі барлық элементтердің өзара байланысы сияқты қасиеттермен сипаттауға болады. Демек, бұл түсінік құрылымдық және үйлестірілген, яғни қандай да бір жолмен өзара байланысқан объектілерді белгілеу үшін қолданылады. Бұл атрибуттық қасиеттер физикалық кеңістікке ғана емес, басқа кез-келген кеңістікке тән.